

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**PHYSICO-MATHEMATICAL SERIES**

ISSN 1991-346X

Volume 3, Number 307 (2016), 36 – 41

## **INTERACTIONS OF ALPHA PARTICLES FROM $^{13}\text{C}$ NUCLEI AT ENERGIES 6.65-16.25 MEV/NUCLEON**

**N. Burtebayev<sup>1</sup>, A.S. Demyanova<sup>2</sup>, D.M. Janseitov<sup>3</sup>, Zh.K. Kerimkulov<sup>1</sup>,  
M. Nassurla<sup>4</sup>, D.K. Alimov<sup>4</sup>, A.K. Shakirov<sup>4</sup>**

<sup>1</sup>Institute of Nuclear Physics, Almaty, Kazakhstan; <sup>2</sup>NRC Kurchatov Institute, Moscow, Russia;

<sup>3</sup>ENU, Astana, Kazakhstan; <sup>4</sup>KazNU, Almaty, Kazakhstan

e-mail: [janseit.daniar@gmail.com](mailto:janseit.daniar@gmail.com)

**Keywords:** optic model, elastic scattering, folding potential, alpha particle, FRESCO.

**Abstract.** Processes of elastic scattering of alpha particles from  $^{13}\text{C}$  nuclei at energies 6.65-16.25 MeV/nucleon were studied in this paper. The differential cross sections were measured at laboratory system in the range  $10^0$ - $80^0$ . Analysis of elastic scattering was made within optical model. Both microscopic double folding potentials and phenomenological potentials were used for real part of complex nuclear potential. Imaginary part had the shape of phenomenological surface Woods-Saxon potential. The calculated theoretical cross sections are in good agreement with experimental data.

УДК 539.171

## **АЛЬФА БӨЛШЕКТЕРДІН $^{13}\text{C}$ ЯДРОЛАРЫМЕН 6.65-16.25 МЭВ/НУКЛОН ЭНЕРГИЯЛАРДА ӘСЕРЛЕСҮІН ҚАРАСТАРЫ**

**Н. Буртебаев<sup>1</sup>, А.С. Демьянова<sup>2</sup>, Д.М. Джансейтов<sup>3</sup>, Ж.К. Керимкулов<sup>1</sup>,  
М. Насурлла<sup>4</sup>, Д.К. Алимов<sup>4</sup>, А.К. Шакиров<sup>4</sup>**

<sup>1</sup>ЯФИ, Алматы, Қазақстан; <sup>2</sup>«Курчатов институты» ҰЗО, Мәскеу, Ресей;

<sup>3</sup>Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Астана, Қазақстан; <sup>4</sup>әл-Фарағи атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

**Түйін сөздер:** оптикалық модель, серпімді шашырау, фолдинг потенциал, альфа-бөлшек, FRESCO.


**Аннотация.** Осы жұмыста 6.65-16.25 МэВ/нуклон энергия аралығында альфа-бөлшектердін  $^{13}\text{C}$  ядроларында серпімді шашырау процесстері зерттелген. Дифференциалды кималар  $10^0$ - $80^0$  арасында зертханалары координаттар жүйесінде өлшеннеді. Серпімді шашырау оптикалық модель аясында талданды.

Есептеулерде комплексті ядролық потенциалдың нақты бөлігі үшін микроскопиялық потенциалмен (фолдинг потенциал) қоса, феноменологиялық потенциалдар да қолданылды. Потенциалдың жорамал бөлігі үшін Вудс-Саксон потенциалының беттік феноменологиялық түрі қолданылды. Теореялық есептегендегі кималар, тәжірибелік мәліметтермен жақсы үйлеседі.

**Кіріспе.**  $^{13}\text{C}$  ядроның қабықша моделін айқын сипаттайтын "қалыпты" ядролардың біріне жатқызуға болады. Осы модель шенберінде оның деңгейлік сыйбасы  $\sim 10$  МэВ [1] козу энергиясына дейін айқын анықталады. Деғенмен,  $\alpha$  - бөлшектік конденсациясының ғипотезасы [2] бойынша, біраз  $^{13}\text{C}$  ядроның кластерлі қозған күйлері [3] радиустың жоғары шамаларына ие болуы мүмкін.  $^{12}\text{C}$  ядроның белгілі Хойл күйі 7.65 МэВ ( $0_{-2}^{+}$ ) – осындай құрылымның айқын мысалы. Хойл күйіне ұқсас күйлерді басқа көршилес ядролардан болу мүмкіндігі ықтималдылығы жоғары. Мысалға  $^{13}\text{C}$  ядроның 8.86 МэВ ( $1/2^{-}$ ) қозған күйін алуға болады. Жақында алынған 388 МэВ энергиядағы  $\alpha$  -бөлшектердің  $^{13}\text{C}$  ядроның шашырауынан пайда болған қозған күйлерінің деректерінен [4], расында, жоғары мәндер алынған еді.  $^{13}\text{C}$  ядроның осы энергиядағы күйлерін

зерттеу барысында, 3.09 МэВ( $1/2^+$ ) бірінші қозған күйі үшін нейтронды гало құбылысы байқалған болатын. Демек, төменірек энергияда жаңа өлшеулөр болғаны дұрыс.


**Альфа-бөлшектердің<sup>13</sup>C ядроларынан бұрыштық шашырауының кең диапазонында дифференциалды қимасын өлшеу.** Жогары энергетикалық анықтылықпен, тәжірибелер JYFL K-130 циклотронында (Ювяскюля, Финляндия)  $E_\alpha=65$  МэВ[5] энергияда және Ядролық физика институтының У-150М изохронды циклотронында (Алматы, Қазақстан)  $E_\alpha=29$  МэВ энергияда жүргізілген болатын. Зерттеу барысында JYFL K-130 циклотронында шашыраган альфа-бөлшектердің энергетикалық спектрін тіркеу үшін  $\Delta E-E$  телескоптары қолданылды. Тәжірибеде 98%-га дейін байытылған <sup>13</sup>C нысынасы (қалындығы ~ 0.3 мг/см<sup>2</sup>) пайдаланылды. Нысанада <sup>12</sup>C и <sup>16</sup>O ядроларының қоспалары кездеседі. У-150М циклотронында өткен тәжірибеде де  $\Delta E-E$  телескоптары және 84%-га дейін байытылған, қалындығы 0.4 мг/см<sup>2</sup> болатын <sup>13</sup>C ядроларынан тұратын нысанада қолданылған болатын.



1-сурет – альфа-бөлшектердің <sup>13</sup>C ядроларында  $E=29$  МэВ энергияда шашырауының энергетикалық спектрі ( $32^\circ$ )

<sup>13</sup>C ядроның  $\alpha$ -бөлшектердің серпімді және 3.09 МэВ ( $1/2^+$ ), 8.86 МэВ ( $1/2^-$ ) қозған күйлерінің серпімсіз шашырауларының дифференциалды қималары  $\theta_{\text{лаб}}=10^\circ - 80^\circ$  бұрыштар аралығында  $1^\circ - 2^\circ$  қадаммен алынды. Детектордың энергетикалық анықтылығы аз бұрыштарда (290) кэВ шамасында және үлкендер бұрыштар үшін (350) кэВ шамасында болды. Барлық алынған тәжірибелік бұрыштық таралуларда  $\alpha$ -бөлшектердің дифракциялық құрылым байкалады. 29 МэВ энергияда үдетілген альфа-бөлшектердің шашырауының энергетикалық спектрі 1-ші суретте көрсетілген.

2-ші суретте 26.6 [6], 29, 35 [7], 48.7 [8], 54.1 [8] және 65 МэВ энергияларда альфа-бөлшектердің <sup>13</sup>C ядроларынан серпімді шашыруының дифференциалды қималары көрсетілген. Есептеулер оптикалық және фолдинг моделдер шенберінде жүргізілді. Барлық бұрыштарда дифракциялық құрылымның байкалуы олар үшін қалыпты болып табылады.



2 сурет – 26.6 және 65 МэВ аралығында альфа-бөлшектердің  $^{13}\text{C}$  ядроларынан серпімді іншіпшіруының дифференциалдық кималары. Көк түспен көрсетілген кисық сызықтар огтикалық модель нәтижесінің А жинағы, 29 және 65 МэВ энергиялар үшін В жинағы қара түсті кисық сызықтармен көрсетілген. Қызыл түсті кисық сызықтар фолдинг модельі бойынша есептей нәтижелері

Феноменологиялық оптикалық потенциалдар параметрі теориялық және тәжірибелік бұрыштық таралулар сәйкес келетіндегі етін таңдалған болатын. Теориялық есептеулер FRESCO [9] программасымен жүргізілді. Оптикалық параметрлерді  $\chi^2/N$  шамасының минимизациясы арқылы табылды. Оптикалық потенциалдардың глобалды тәуелдігінен, әрекеттесу потенциалының радиалды шамасы  $r_v = 1.245$  фм и  $r_w = 1.57$  фм болып бекітілін, теория мен тәжірибелі барынша сәйкестендіру үшін, қалған 4 параметрлерді ( $V_r$ ,  $W_v$ ,  $a_r$  және  $a_w$ ) таңдау арқылы жүзеге асырылды. Фолдинг потенциалы үшін  $N_r$  – нормалау коэффициенттері тиесілі энергияларда анықталған. Табылған потенциалдар жинағы мен нормалау коэффициеттері 1-ші кестеде көлтірілген.

1-ші кесте -  $^{13}\text{C}$  ядроларында  $\alpha$ -бөлшектік шашыраудың оптикалық потенциал параметрлері

<b>E, МэВ</b>	<b>Жинағы</b>	<b><math>V_r</math>, МэВ</b>	<b><math>r_r</math>, фм</b>	<b><math>a_r</math>, фм</b>	<b><math>N_r</math></b>	<b><math>W_v</math>, МэВ</b>	<b><math>r_w</math>, м</b>	<b><math>r_w</math>, фм</b>	<b><math>r_c</math>, фм</b>
<b>26.6</b>	A	147.32	1.112	0.736		12.844	1.6	0.267	1.28
	B	142.23	1.245	0.762		16.75	1.57	0.731	1.28
	DF (A)				0.97	18.635	1.6	0.267	1.28
<b>29</b>	A	147.22	1.112	0.736		12.844	1.6	0.731	1.28
	B	142.23	1.245	0.762		15.77	1.57	0.731	1.28
	DF (A)				0.98	12.844	1.6	0.731	1.28
<b>35</b>	OM	138.95	1.112	0.799		14.125	1.6	0.15	1.28
	B	134.11	1.245	0.747		10.52	1.57	617	1.28
	DF (A)				0.99	14.125	1.6	0.15	1.28
<b>48.7</b>	A	134.49	1.112	0.79		14.79	1.6	0.639	1.28
	B	120.38	1.245	0.730		15.81	1.57	0.639	1.28
	DF (A)				0.97	14.79	1.6	0.639	1.28
<b>54.1</b>	A	135.48	1.112	0.795		14.21	1.6	0.8	1.28
	B	117.57	1.245	0.753		15.91	1.57	0.801	1.28
	DF (A)				0.96	14.21	1.6	0.8	1.28
<b>65</b>	A	123.07	1.112	0.8		14.97	1.6	0.76	1.28
	B	119.49	1.245	0.784		20.02	1.57	0.728	1.28
	DF (A)				0.98	14.97	1.6	0.76	1.28

**Альфа-бөлшектердің  $^{13}\text{C}$  ядроларынан серпімді шашырауының дифференциалды қимасының анализі.** Альфа-бөлшектердің ядролармен әрекеттесу потенциалдары жайында акпарат алу тәсілінің бірі – ядроның оптикалық моделіне негізделген серпімді шашыраудың тәжірибелік деректерінің феноменологиялық анализі.  $^{13}\text{C} + \alpha$  серпімді шашырауының дифференциалды қимасы осы модель шенберінде зерттелген еді. Бұл тәсіл бойынша көп бөлшекті ядро жүйесін есептеуін жөнілдешу мақсатымен, шашырау комплексі оптикалық потенциал  $V(r)$  өрісінде деп қарастырылады. Төмен энергетикалық аймақта бұл потенциалдың шамасы келесі түрде беріледі:

$$V(r) = V_C(r) - V_R f(x_R) + V_{SO} a_{SO} f(x_{SO}) l * \sigma + i 4 W_D a_{WD} \frac{df}{dr}(x_D) \quad (1)$$

мұнда  $V_C(r)$  – біркелкі зарядталған, радиусы  $R = 1.28A^{1/3}$  (фм) сфераның кулондық потенциалы (бұл потенциал тек салыстырмалы арақашықтықта гана тәуелді және ядро-нысанадагы нуклондардың орналасуына тәуелді емес);  $V_R$  и  $W_D$  - потенциалдың нақты және жорамал бөлігінің терендігі;  $V_{SO}$  - потенциалдың спин-орбиталды бөлігінің терендігі (нақты бөлігі үшін);  $l$  – бұрыштық момент операторы;  $\sigma$  – Паули спиндік операторы. Осы жұмыста потенциалдың радиалды бөлігі Вудс-Саксон түрінде алынды:

$$f(x_i) = (1 + \exp(x_i))^{-1}, \quad x_i = (r - r_i)/a_i, \quad (2)$$

мұнда  $r_i = r_r$ ,  $r_w$  және  $r_{SO}$  - потенциалдың нақты, жорамал және спин-орбиталды радиустары,  $a_i = a_r$ ,  $a_w$  және  $a_{SO}$  потенциалдың сәйкес бөлігінің диффуздығы.

Серпімді шашыраудың тәжірибелік мәліметтері оптикалық модель шенберінде FRESCO программасымен есептелген. Тәжірибелік және есептелген дифференциалды қиманың ең қолайлы сәйкестіктері үшін потенциал параметрінің минимизациясы:

$$\chi^2 = \sum_{i=1}^N \left( \frac{\sigma_T(\theta_i) - \sigma_\Theta(\theta_i)}{\delta\sigma_\Theta(\theta_i)} \right)^2, \quad (3)$$

мұндагы  $N$  – бұрыштық таралудагы тәжірибелік нүктесі саны,  $\sigma_T(\theta_i)$  және  $\sigma_\Theta(\theta_i)$  –  $\theta_i$  бұрышының шашырауының дифференциалды қимасының есептелген және өлшенген шамалары,  $\delta\sigma_\Theta(\theta_i)$  –  $\sigma_\Theta(\theta_i)$  шамасының анықталмагандығы.

Сонымен қатар, альфа-бөлшектерінің  $^{13}\text{C}$  ядроларында серпімді шашырауының есептеулері фолдинг модель шенберінде де жүргізілді. Альфа-бөлшектің ядроларымен әрекеттесуінің потенциалын анықтауга арналған жартылай микроскопиялық фолдинг-моделі нуклон-нуклондық құштері мен ядролық материя тығыздығын үлестірілуінен тұрады. Феноменологиялық потенциалга караганда фолдинг-моделі бос параметрлерді қамтымайды, сол себепті ядроның оптикалық моделіне негізделген деректерден табылатын параметрлердің анықталмагандығын азайтады. Сонымен қатар, анық параметрлердің шамаларын толық бұрыш бойынша төмен энергиялардагы тәжірибелік нәтижелерді жақсы сипаттауга жол ашылады. Дегенмен, біз тек потенциалдың тек нақты шамаларын таба аламыз, ал жорамал бөлігін алу мүмкін емес. Сондықтан бұл тәсіл алі де феноменологиялық болып табылады.

$^{13}\text{C}(\alpha, \alpha)^{13}\text{C}$  жүйесі үшін фолдинг-моделі шенберінде жартылай микроскопиялық потенциалды қарастырайық.

Нуклон-ядролық шашырау үшін бірінші ретті фолдинг-моделінің оптикалық потенциалдың нақты бөлігін есептеу, келесі түрде жазылады:

$$U_p(R) = \int dr_1 \rho_1(r_1) V(r), \quad (4)$$

мұндагы  $r = R - r_1$ ,  $\rho_1(r_1)$  –  $^{13}\text{C}$  ядро тығыздығының үлестірімділігі,  $V(r)$  – эффективті нуклон-ядролық әрекеттесу. Есептеу барысында эффективті нуклон-ядролық әрекеттесу M3Y-әрекеттесу ретінде алынган.

$$V(R) = 2999 \frac{\exp(-4R)}{4R} - 2134 \frac{\exp(-2.5R)}{2.5R} - 276 \left(1 - \frac{0.005E}{A}\right) \delta(R). \quad (5)$$

$^{13}\text{C}$  ядронының тығыздығы келесі формуламен анықталады:

$$\rho(R) = \rho_0 \left(1 + \alpha \left(\frac{R}{a}\right)^2\right) \exp\left(-\left(\frac{R}{a}\right)^2\right), \quad (6)$$

мұндагы  $a$  и  $\alpha$  – тұрақты параметрлер.

**Қорытынды.** Альфа-бөлшектерінің  $^{13}\text{C}$  ядроларында 29 және 65 МэВ энергияларда серпімді шашырауы, сонымен қатар 54.1, 48.7, 35 және 26.6 МэВ секілді тәжірибелік мәліметтерді қолданып, оптикалық модел шенберінде феноменологиялық оптикалық потенциал параметрі және екінші ретті фолдинг моделі шенберінде жартылай микроскопиялық потенциал параметрлерінің оптимальды мәндері қарастырылады. Есептелген серпімді шашыраудың дифференциалды қималары мен тәжірибелік мәліметтердің сәйкестіндіру үшін соқтығысу бөлшектерінің кең ауқымды энергия бөлігі үшін әрекеттесу потенциалдарының параметрлері табылды. Сонымен қатар, потенциалдың нақты бөлігінің терендігінің энергетикалық тәуелділігі құрылды.

Табылған оптикалық потенциалдың параметрлері серпімсіз шашырауды (мысалға, қозған 3,09, 3,68, 6,68, 7,5 және 8,86 МэВ күйлері үшін) зерттеуде, болашақ есептеулерде қолданылатын болады.

Осы жұмыс ҚР БФМ №1460 ГФ4 грантымен қаржыланырылды.

**ЭДЕБИЕТ**

- [1] W. von Oertzen, M. Freer, Y. Kanada-En'yo. Nuclear clusters and nuclear molecules // Physical Reports 432, 43 (2006)  
[2] A. Tohsaki, H. Horiuchi, P. Schuck, G. Rupke. Alpha cluster condensation in  $^{12}\text{C}$  and  $^{16}\text{O}$  // Physical Review Letters 87, 192501 (2001)  
[3] M. Milin and W. von Oertzen. Search for molecular bands in // European Physical Journal A 14, 295 (2002)  
[4] T. Kawabata et al., Journal of Physics: Conference Series, 111 (2008) 012013; Journal of Modern Physics E vol. 17 (2008) 2071  
[5] Demyanova A.S., Ogloblin A.A., Danilov A.N. et al. // International Nuclear Physics Conference INPC2013: 2-7 June 2013, Firenze, Italy, NS 051  
[6] Б.И.Кузнецов, И.П.Чернов // Ядерная физика, т.20, вып.4, 1974  
[7] С.В.Артемов, Г.Ким, Г.А.Радок // Известия РАН, серия физическая, т.65, № 11, 2001  
[8] H. Abele, H.J. Hauser, A. Korber, W. Leitner, R. Neu, H. Plappert, T. Rohwer, G. Staudt, M. Straber, S. Welte, and M. Walz, P.D. Eversheim and F. Hinterberger. Measurement and folding-potential analysis of the elastic alpha-scattering on light nuclei// Zeitschrift fur Physik, Atomic nuclei, V.326, 1987  
[9] I.J. Thompson. Coupled reaction channels calculations in nuclear physics // Comput. Phys. Rep. 7 (1988)

**REFERENCES**

- [1] W. von Oertzen, M. Freer, Y. Kanada-En'yo. Nuclear clusters and nuclear molecules // Physical Reports 432, 43 (2006)  
[2] A. Tohsaki, H. Horiuchi, P. Schuck, G. Rupke. Alpha cluster condensation in  $^{12}\text{C}$  and  $^{16}\text{O}$  // Physical Review Letters 87, 192501 (2001)  
[3] M. Milin and W. von Oertzen. Search for molecular bands in // European Physical Journal A 14, 295 (2002)  
[4] T. Kawabata et al., Journal of Physics: Conference Series, 111 (2008) 012013; Journal of Modern Physics E vol. 17 (2008) 2071  
[5] Demyanova A.S., Ogloblin A.A., Danilov A.N. et al. // International Nuclear Physics Conference INPC2013: 2-7 June 2013, Firenze, Italy, NS 051  
[6] Б.И.Кузнецов, И.П.Чернов // Yadernaya fizika, V20, №4, 1974  
[7] S.V. Artemov, G.Kim, G.A. Radyuk // Izvestiya Rossiiskoi Akademii Nauk, ser. fiz., V65, № 11, 2001  
[8] H. Abele, H.J. Hauser, A. Korber, W. Leitner, R. Neu, H. Plappert, T. Rohwer, G. Staudt, M. Straber, S. Welte, M. Walz, P.D. Eversheim and F. Hinterberger. Measurement and folding-potential analysis of the elastic alpha-scattering on light nuclei// Zeitschrift fur Physik, Atomic nuclei, V.326, 1987  
[9] I.J. Thompson. Coupled reaction channels calculations in nuclear physics // Comput. Phys. Rep. 7 (1988)

**ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ АЛЬФА-ЧАСТИЦ С ЯДРАМИ  $^{13}\text{C}$  ПРИ ЭНЕРГИЯХ 6.65-16.25 МЭВ/НУКЛОН**

**Н.Буртебаев<sup>1</sup>, А.С. Демьянова<sup>2</sup>, Д.М. Джансейтов<sup>3</sup>, Ж.К. Керимкулов<sup>1</sup>, М. Насурлла<sup>4</sup>, Д.К. Алимов<sup>4</sup>, А.К.Шакиров<sup>4</sup>**

<sup>1</sup>ИЯФ, Алматы, Казахстан; <sup>2</sup>НИЦ «Курчатовский институт», Москва, Россия;

<sup>3</sup>ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан; <sup>4</sup>КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** оптическая модель, упругое рассеяние, фолдинг потенциал, альфа частица, FRESCO.

**Аннотация.** В данной работе исследованы процессы упругого рассеяния альфа-частиц на ядрах  $^{13}\text{C}$  при энергиях 6.65-16.25 МэВ/нуклон. Дифференциальные сечения измерены в диапазоне углов  $10^{\circ}$ - $80^{\circ}$  в лабораторной системе координат. Анализ упругого рассеяния был проведен в рамках оптической модели. В расчетах для действительной части комплексного ядерного потенциала были использованы как микроскопические потенциалы двойной свертки, так и феноменологические потенциалы. Минимальная часть имела форму феноменологического поверхностного Вудс-Саксонского потенциала. Теоретически рассчитанные сечения хорошо согласуются с экспериментальными данными.

Поступила 04.04.2016 г.